



Бекітемін:

«Келешек» санаторлық
бөбекжай-бақшасы КММ
меніңгерушісі

Г.Ешмуханова

«Келешек» санаторлық бөбекжай-бақшасы КММ

*2023-2024 оқу жылына арналған
дефектологтің күнтізбелік-тақырыптық
жоспарлауы*

Дефектолог : Тулегенова Г

Дефектологтің күнтізбелік-тақырыптық жоспары

2023-2024 оқу жылы

«Балауса» ортаңғы топ

№	Жұмыс тақырыбы	Күні
1	«Отбасы»	03.10.2023ж
2	«Менің отбасым»	05.10.2023ж
3	«Менің әжем»	10.10.2023ж
4	«Ата»	12.10.2023ж
5	«Тазалық-денсаулық кепілі»	17.10.2023ж
6	«Қайырлы таң»	19.10.2023ж
7	«Балабақша»	24.10.2023ж
8	Топтың бөлмесі	26.10.2023ж
9	Біздің ойыншықтар	31.10.2023ж
10	Серуенде	02.11.2023ж
11	«Кім не істеді?»	07.11.2023ж
12	«Кел ойнайық!»	09.11.2023ж
13	«Балабақша ауласында»	14.11.2023ж
14	Жыл мезгілдері. Алтын күз.	16.11.2023ж
15	Жомарт күздің сыйлығы	21.11.2023ж
16	Бақшада	23.11.2023ж
17	Жемістер	28.11.2023ж
18	«Нан қайдан келеді?»	30.11.2023ж
19	«Дене мүшелері»	05.12.2023ж
20	«Дене мүшелері не үшін керек?»	07.12.2023ж
21	Киім және аяқ киім	12.12.2023ж
22	Киім және аяқ киім	14.12.2023ж
23	Киімді қалай күту керек?	19.12.2023ж
24	Көйлекті маған кім берді?	21.12.2023ж
25	«Ыдыс аяқтар, тағамдар»	26.12.2023ж
26	«Біз не ішіп, не жейміз?»	28.12.2023ж
27	«Дастархан басында өзін-өзі қалай ұстау керек?»	04.01.2024ж
28	«Қыс келді?»	09.01.2024ж
29	«Қыс қызықтары»	11.01.2024ж
30	Табиғат бұрышында	16.01.2024ж
31	Жаңа жыл мерекесі	18.01.2024ж
32	Қайсысы қайда мекендейді?	23.01.2024ж
33	Жабайы жануарлар	25.01.2024ж
34	Циркте	30.01.2024ж
35	Жабайы құстар	01.02.2024ж
36	Үй құстары	06.02.2024ж

37	Үй жануарлары	08.02.2024ж
38	Үй жануарлары және төлдері	13.02.2024ж
39	Жабайы аңдардың балалары	15.02.2024ж
40	Санап үйренеміз	20.02.2024ж
41	Кеш жарық	22.02.2024ж
42	Ертегі әлемінде	27.02.2024ж
43	Көктем келді. Наурыз тойы.	29.02.2024ж
44	Орманда	05.03.2024ж
45	Киіз үйде.	07.03.2024ж
46	Жайлауда	12.03.2024ж
47	Қонақта	14.03.2024ж
48	Қалада	19.03.2024ж
49	Біздің ауыл осындай	26.03.2024ж
50	Менің үйім. Біздің Ауылда .	28.03.2024ж
51	Азық-түлік.	02.04.2024ж
52	Ғарыш	04.04.2024ж
53	Менің Отаным-Қазақстан!	09.04.2024ж
54	Бәрі де балалар үшін	11.04.2024ж
55	1-мамыр мерекесі.	16.04.2024ж
56	Елордасы –Астана	18.04.2024ж
57	Алматы –оңтүстік астана.	23.04.2024ж
58	Ертегілер еліне саяхат.	25.04.2024ж
59	Жайдары жаз.	30.04.2024ж
60	Кел, ойнайық.	02.05.2024ж
61	Жаз айы. Фермада.	14.05.2024ж
62	Бұл қай кезде болады?	16.05.2024ж
63	Жыл бойы өткендерді қайталау	21-30.05.2024ж

Дефектолог-мұғалімнің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауы

1-САБАҚ

Сабақтың тақырыбы: Отбасы.

Мақсаты: Отбасы, үй-іші туралы білімдерін кеңейту. Сөз қорларын, ауызша сөйлеу тілін дамыту. Сөйлемді грамматикалық жағынан дұрыс құрастырып сөйлеуге үйрету.

Сөз ішінде қазақ тіліне тән дыбыстарды (ә, ө, ү, ұ, к, ғ, і, н, һ) дұрыс айтуға жаттықтыру. Үй-іші адамдарына туыскандарына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Қазақ тіліне қызығушылыққа баулу.

Сөздік жұмысы: бұрын менгертілген ата, әже, әке, шеше сөздерін бекіту. Мен, сен, ол, бұл, менің, сенің, оның. Бұл кім? Не істеді? Бір, екі, үш, төрт.

Корнекіліктер: Отбасы мүшелерінің суреттері; ойыншықтар, оқулық суреттері, үлестірмелі суреттер, мазмұнды сурет "Біздің отбасы".

Әдіс-тәсілдер: Әңгімелесу, түсіндіру, көрсету, ойын-жаттығулар орындату.

Сабақтың барысы: Өткен топта үйренген сөздерді естеріне түсіру. Оқулық суреттерін көрсетіп сөйлесу. Суреттегі кімдер? Ол (олар) не сұрақтары бойынша сөйлем құрату.

Бұл кім? (Кто это?) - Бұл - ата, мынау — әже. Бұл — әке, шеше. Мынау кім? — Ол қыз.

Мынау кім? Ол ұл бала. Неше адам бар? Төрт адам бар.

Ол не істеп отыр? — Олар шәй ішіп отыр.

Ұл мен қыз не істеді? — Ұл ыдыс жуды. Қыз табакты сүртіп тұр.

Ұл үлкен бе? Қыз үлкен бе? — Ұл үлкен. Ол аға. Қыз кішкене (кішкентай) — қыз қарындасы (ым).

Сөйлесу ойыны. Екі бала бір-біріне сұрақ қойып, жауап береді.

Сережа, сенің атаң (әжен, ағаң) бар ма?

— Иә, менің атам, ағам бар.

— Менің атам дәрігер.

— Сенің атаң не істейді?

— Менің атам мұғалім.

— Әсияның ағасы бар ма?

— Иә, оның ағасы бар.

— Әсияның ағасы қайда?

— Мектепте оқиды.

Сергіту жаттығуы. С. Бәйтереков “Айдана” әнінің әуен ырғағ; мен қимыл-қозғалыс жасау.

Ойын. Кім тез табалы?, Үлестірмелі суреттер беріп, сөйлем құрату. Суреттегі кім екенін тез атап айту.

Сөздік ойын. Ә, а — дыбыстарына кім көп сөз айтады?

Ойын үлгісін тәрбиеші көрсетеді. Ойын ережесі: Балалар, мен ата деймін, сендер мен жоғарыда айтқан дыбыстардан басталатын сөз ойлаңдар. Кел, ойнайық!

— Ата.

Балалар — әже.

— Әке — ана.

— Аға — әпке т.б.

Мақал. Ата - асқар тау.

Шығарма оқу.

Әжестайым

Шашымды өріп тараған,

Қабағыма қараған.

Үлкен-кіші демейді,

Сыйлайды оны бар адам.

Құрт пен майын жинаған,

Балаларға сыйлаған.

Бұл әжемнің өмірі —

Таусылмайтын жыр маған.

Х. Талғаров

Өлеңде кім, не туралы айтылғанын түсіндіру. Өз әжелері туралы сұрап әңгімелесу. Үйде сен не істейсің? сұрағына сөйлем құрату.

Қандай тамақты жаксы көресіңдер? Балалар өз қалаулары бойынша тағам түрлерін (құрт, шұжық, тоқаш, бауырсақ т.б.) мүсіндейді. Не жасағандары туралы айтады, санап көрсетеді.

Серуенде қуыршақтарды пайдаланып “Отбасы” тамақ жасау ойындарын ойнайды. Оқылған шығарманы жаттап айтуға үйренеді.

2-САБАҚ

Сабақтың тақырыбы: Менің отбасым.

Туыскандық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді меңгерту.

Сабақтың мақсаты: Отбасы туралы білімдерін кеңейту. Сөз қорларын дамыту. Үй-іші адамдарына, үлкен-кіші, аға-інілеріне бауырмалдық қарым-қатынасын қалыптастыру. Әдептілікке баулу.

Сөз ішінде қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету.

Сөйлемді дұрыс құрастыру дағдыларын жетілдіру.

Көрнекіліктер: Оқулық суреттері, отбасындағы іс-әрекет бейнеленген үлестірмелі материалдар. Ойыншықтар.

Әдіс-тәсілдер: Әңгімелеу, түсіндіру, көрсету, әңгімелесу. Ойын- жаттығулар орындату.

Сөздік жұмысы: Бұрын меңгертілген сөздерді айта білуге, сөз мәнісін түсініп айтуға үйрету. Отбасы бұйымдарына қатысты — сырмақ, кілем, ою, тігу, қайшы сөздерін меңгерту. Сәлеметсіз бе? Сау болыңыз сөздерін қайталау.

Сабақтың барысы: Сабақ сәлемдесуден басталады.

-Сәлеметсіңдер ме, балалар. Балалар, біз бүгінде өз отбасымыз туралы қазақша сөйлесеміз.

Сұрақтар:

-Әсет сенің үйіңде кім (кімдер) бар?

— Әсет. Менің әкем, шешем бар.

— Әжен-атаң бар ма? — Әжем, атам бар.

— Оля сенің үйіңде ағаң (інің, бөпесі-сіңлің) бар ма?

— Менің ағам бар. Кішкене қыз-бөпе бар т.б.

(Бір қыз бала, бір ер бала таңдалады. Шақырған балалар бір-біріне сұрақ қойып жауап береді.)

Тәрбиеші:- Менің ағам бар. Әсет, сенің ағаң бар ма?

— Менің ағам бар.

— Ағаңның аты кім? — Ағамның аты Асқар. Әрі қарай екі бала бір-біріне сұрақ қойып, үй-іші, аға, іні, қарындасы — “бар, жоқ” үлкен- кішкене сөздерін айтуға жаттығады.

Ойын "Кім тез табады?" (Үй-іші адамдары үлкен-кіші, қыз, ұл, кішкене бөпе (бесікте) осылар бойынша үлестірілмелі суреттер беріледі. Балалар сурет бойынша тез, дұрыс жауап беріп үйренеді.)

Сергіту жаттығуы.

Кел балалар, ойнайық, ойнайықта ойлайық! Әуені бойынша қимыл-қозғалыс жаттығуын жасату.

Музыкалық ойын. "Ойлан тап". Дефектолог:- Балалар, кім өз үй- іштері туралы көп сөз ойлап тапса, сол ұтады. "Менің үйімде"-деп тәрбиеші бастайды. Балалар жауап береді.

Қазақша сырмақ, кілем, үкілі такия, ою, қайшы, сары, қызыл, жасыл, қара жіптер. Мата бейнеленген суреттерді, не нақты заттарды, оқулық суреттерін көрсете отырып "Кім табады?", "Бұл не?" ойынын ойната сөйлесіп — әже, кілем, сырмақ, қайшы, ою сөздерін түсіндіру. Түсі қандай? Не үшін керек? Сұрақ-жауап әдісімен ойната сөйлесу, к, ғ, ә, і, ө дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету.

Ж. Бейсембековтың "Әже" деген өлеңін оқу.

Әжем өрнек терелі,

Сырмақ сырып оюлап.

Басы ауыра береді,

Шәй ішпесе қоюлап.

Сөздік ойын-жаттығулар орындату.

Тәрбиеші жіп, ою, ойыншық сырмақ (не осы заттардың суретін) қайшыны көрсете отырып, бірнеше баланы кезекпен шақырады. Әсет, Света бері кел, жіп, қайшы ал. Оля, ою ал. Әсия, сырмақ ал. Аталған балалар тәрбиешінің өтінішін орындайды. Осыдан соң балалар жаңадан меңгертілген заттарды ойыншық киіз үй ішінен тауып көрсетіп, бір-біріне ал, бер, әкел, бар, жоқ сөздерін қосып сұрақ қойып, жауап береді.

Сабақта меңгертілген ою, кілем, сырмақ, қайшы сөздерінің суретін салып, не қиып жапсырып көрсетеді.

— Оля, сен не істедің?

— Мен ою жасадым.

— Әсет, сен не істедің?

— Мен сырмақтың суретін салдым. (жасадым пластилиннен т.б.)

Мақал. Ағасы бардың, жағасы бар.

Інісі бардың тынысы бар.

Өз үй-іштері туралы әңгімелету.

Дефектолог:- Кім өзі туралы әңгіме айтады?

— Оля. Менің әке-шешем бар. Мен үйде ыдыс жуам. Отбасында жеті адам бар. Екі інім бар. Мен інілерімді жақсы көрем.

Мұрат. Біздің үйде бес адам бар. Мен, әкем, шешем, атам, әжем. Әкем домбырамен өн айтады. Әжем бізге ертегі айтып береді т.б. әрі қарай жалғастыруға болады.

Серуен кезінде қимыл-қозғалыс ойындары ойнатылады.

«Отбасы» диафильмі көрсетіледі.

3-САБАҚ

Сабақтың тақырыбы: “Менің әжем”

Сабақтың мақсаты: Отбасы, үй-іші адамдарына сыйластыққа, кішіпейілділікке баулу. Қазақтың ұлттық ою-өрмектерін дұрыс танып, айтуға үйрету. Ұқыпты, жинақы болу дағдыларына жаттықтыру. Күнделікті іс-әрекетке қатысты білімдерін тереңдету.

Диалог түрінде сөйлесу, сөз ішінде дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету.

Сөйлемді дұрыс құрастыруға жаттықтыру.

Корнекіліктер: Оқулық суреттері, үлестірмелі дидактикалық материалдар. Маталар, түрлі түсті суреттер, жіптер, кайшы.

Қолданылатын әдістер мен тәсілдер: Суреттер көрсетіп әңгімелесу, түсіндіру, ойып жаттығулар орындату.

Сөздік жұмысы: Қошқар мүйіз, түйе табап, ою, сырмақ.

Сабақтың барысы: Өткен сабақта үйренген сөздерді қайталаудан басталады. Отбасы туралы сұрақ-жауап әдісімен сөйлесіп отырып, “Танып ал, атын айт” (көп ойыншық ішінен жіп, кайшы, ою, сырмақ) ойынын ойнату. Бала бұрын үйренген сөздерді қосып (ол кайшы) толық сөйлем түрінде жауап береді.

Өз әжесі, үй-іші туралы әңгімелейді.

С. Мәуленовтің “Менің әжем” деген өлеңін оқып түсіндіреді:

Мейірімді жел-жібек,

Күндей ыстық құшағы.

Ет жүрегі елжіреп,

Құлыным деп құшады.

Н. Нүсіпжановтың орындауындағы “Ақ әже” ұнтаспасын тыңдату. Құншуақ әліппе-дәптерінде берілген суреттерге қарап әңгіме құрату.

Әжесіне шай ұсынып отырған қыз балаға ат қойып, қазақ тіліне тән ә, қ, т.б. дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. “Менің әжем” өлеңіндегі реңжіген, нұр шашалы, күн секілді балаларға түсініксіз сөздермен сөздік жұмысы жүргізіледі.

Серуен кезінде өлеңді жаттату.

4-САБАҚ

Сабақтың тақырыбы: Ата.

Сабақтың мақсаты: Балаларды отбасы мүшесі атамен таныстыру. Үлкен кісілерге деген құрмет оларды сыйлау, ақылын тыңдау, үйреткен істерін жалғастыру.

Сөздік жұмысы: Құрмет, сыйлау, тыңдау, жалғастыру, ақылды.

Көрнекіліктер: Түрлі-түсті суреттер, отбасы суреті, қайшы, жіп т.б.

Сабақтың барысы:

Сабақты С. Мәуленовтың “Ата” өлеңін мәнерлеп оқуымен бастаймын.

Ата

Айтады ертек жан атам,

Ақ сакалын салалап.

Құмарымды таратам

Жер мен көкті аралап.

(Өз аталары туралы әңгімелету.)

(Тәрбиеші Ерден атай туралы әңгімелейді.)

Ата ақылы

Болаттың сәлемдеспейтін жаман әдеті бар еді. Бір үні көшеде оған Жомарт деген қарт кездесіпті. Болат әдетінше сәлем бермей өтеді. Жомарт атаның өзі: “Сәлеметсің бе, балақай!” - деді. Болат қатты ұялды.

Атай: “Жарамайды, балам, сәлем бермеу ұят”, — деді жылы жүзбен. Содан былай Болат сәлемдесіп жүретін болды.

-Балалар, Ерден атай мына суретте балаларға Н. Жанаевтың “Ауылда” деген өлеңін айтып отыр екен қане, бізде бірге құлақ салып тыңдайықшы

Тәрбиеші өзі балаларға көмектесе отырып, суретке қарап әңгіме құрастырады.

5-6 САБАҚ

Сабақтың тақырыбы: Тазалық — денсаулық кепілі (5-сабақ).

Қайырлы таң (6-сабақ).

Сабақтың мақсаты: Отбасы, үй-іші адамдарына сыйластыққа, кішіпейілділікке баулу. Денесін, киім-кешегін таза ұстауға, ұқыпты, жинақы болу дағдыларына жаттықтыру. Күнделікті іс-әрекетке қатысты білімдерін тереңдету.

Диалог түрінде сөйлесу, сөз ішінде дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. Сөйлемді дұрыс құрастыруға жаттықтыру.

Көрнекіліктер: Оқулық суреттері, үлестірмелі дидактикалық материалдар. Ойыншықтар. Күн режиміне қатысты суреттер.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер. Суреттер көрсетігі әңгімелесу, түсіндіру, ойын жаттығулар орындату.

Сөздік жұмысы: Меңгертілген сөздерді түсініп айту. Қолдана білуге

жаттықтыру. Қайырлы таң, оян, тұр, жүр, жуын, сүргін, сүлгі (орама).

Сабақтың барысы: Отбасы туралы суреттер көрсетіп диалог түрінде сөйлесу.

Сәлемдесу. Сәлеметсіңдер ме балалар!

— Сәлеметсіз бе апай!

(Тақтаға отбасы туралы мазмұнды сурет ілемін. Меңгертілген білімдерін тиянақтау, диалог құрып сөйлеу дағдыларын жетілдіру үшін мына сұрақтарды қоямын):

— Мынау кім?

— Ол ұл бала.

— Мынау кім?

— Ол қыз.

— Қандай қыз?

— Кішкентай қыз.

— Әсет сенің үйіңде неше адам бар?

— Біздің үйде бес адам бар.

— Оларды атап айтшы.

— Мен, әкем, шешем, атам, әжем.

Отбасы туралы оқылған шығарманы естеріне түсіру.

— Таңертең тұрғанда үлкен кісілерге қандай сөз айтасындар?

— Әсет. Мен қайырлы таң ата, әже — деймін.

- Сағат нешеде тұрасындар?
- Володя. Мен сағат сегізде тұрамын.
- Сендерді кім оятады?
- Оля. Мен өзім оянам. Сағат шырылдайды.
- Мұрат. Мені әжем оятады.

Ойын "Қуыршақ не ішеді?" (Тәрбиеші қуыршақпен түрлі қимыл- қозғалыс жасайды. Балалар не істегенін сөзбен айтады. Мен тәнертен тісімді тіс ысқышпен жудым. Жұмсақ сүлгімен сүртіндім т.б. Жауап беруге қиналған балаларға тәрбиеші көмектеседі.)

Қуыршақ жуынды, киінді, тамақ ішті.

- Енді қайда барады?
- Балалар балабақшаға барады.
- Кіммен барады?
- Әжесімен (ағасымен т.б.).
- Сендерді бақшаға кім әкеледі?
- Атам (тәтем, шешем т.б.).

Сергіту. Танертенгілік жаттығуға арналған ырғақты әуенмен жаттығулар жасалады.

"Телефон" ойыны ойнатылады.

Сөздік ойын — а, ә-дыбыстарына сөз ойлату. Тәрбиеші. "Нан" дейді де әя сөзін атайды. Нан — ән.

Балалар жауап сөз табу үшін:

Кел — кел, ұстады — тістеді, ыстық — іштік сөздерін қазақша түсініп айтуға, сөз ішінде ө, і, ү, — дыбыстарын айта білуге үйренеді. Осы сөздер қатысатын суреттер үлестіріледі де, кімде қандай сурет бар? — өз суреттеріңмен сөйлем құрастырындар — дейді.

Балалар. Ермек тісін жуды.

Самат төсегінде отырып есінеді — деп т.б. сөйлемдер құрастырады. Құрастырған сөйлемдеріндегі сөзді оқытады. Сөйлемде неше сөз бар? Бірінші, екінші, үшінші сөзді ата.

Кел ойнайық, ойлайық,

Қандай жұмбақ болса да

Шешпей оны қоймайық.

Жұмбақтар:

Дымкылдап күнде сен,

Қолына сүйкейсін.

Кетіп кір-ласың,

Тап-таза боласың.

Бұл не? (сабын)

Мақал.

Тазалық — денсаулық кепілі.

Балалар, тағы қандай жұмбақ білесіңдер? Жұмбақ білетін балалар жауап берген соң тәрбиеші сүлгінің, сабынның, тарактың, тіс ысқыштың суретін салдырады.

Серуен кезінде. “Қуыршақты ұйықтату, ояту” ойынын ойнатады. Диафильм көрсетеді. Фильм мазмұны бойынша әңгімелесу немесе қимыл-қозғалыс (“Айгөлек”, “Алтын қақпа” т.б. ойындарын ойнатады.

7-САБ АҚ

Сабақтың тақырыбы: Балабақша.

Сабақтың мақсаты: Балаларды балабақша өмірімен таныстырып, ондағы қызметкерлер жайлы түсіндіру, қазақ тіліне тән ә,і,к, т.б. дыбыстарын дұрыс айта білуге жаттықтыру. Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Қойылған сұрақтарға дұрыс жауап беруге, балабақша қызметкерлерінің еңбектеріне құрметпен қарауға үйрету.

Сөздік жұмысы: балабақша, меңгеруші, тәрбиеші, дәрігер, күтуші, аспазшы т.б.

Көрнекіліктер: Түрлі-түсті суреттер, балабақша көрінісі, ән сабағы, дәрігер бөлмесі бейнеленген суреттер.

Әдіс-тәсілдер: Сұрақ-жауап, әңгімелеу әдісі.Тәжірибелік ойын- жаттығулар орындату.

Сабақтың барысы: Өз балабақшасы, ондағы қызметкерлер, кімдер не істейтіні туралы әңгімелесу. Үндаспадан С. Оспановтың “Балабақшала” деген өлеңі тыңдалады.

Балабақшада

Қазір енді ән сабағы

Бір топ бала ән салады.

Тыңдағандар қол соғады,

Таң қалысып тамсанады.

Біздің балабақшадағы

Қандай ғажап ән сабағы

Тәрбиеші апайлардың

Ұмытылар шаршағаны.

Педагог: Қане, балалар, осы өлең-тақпақ ішіндегі сендерге түсініксіз болған сөздерді табайықшы (ғажап, таң қалысып, тамсанып, шаршаған т.б.). Тәрбиеші балалармен қазақ және орыс тілінде сөздік жұмыстарын жүргізеді.

Өлең мазмұнына сәйкес қимыл-қозғалыс жасату тәсілін қолданып, өлеңді жаттап айтуға үйретеді.

Бой сергіту уақыты 1-1,5 минут уақытты алады. Сондықтан осы өлең-тақпақ 2-3 рет қайталанса балалар тез жаттап алып, жаңа сөздерді тез үйренеді.

Балалар, би-кимып, өлең сендерге ұнады ма? (балалар ұнағанын айтады). Олай болса, барлығың менің жаныма жиналындаршы. Сол кезде ақ халатын киген, дәрігер апай балалармен сәлемдесіп топқа іреді.

Дәрігер балалармен сәлемдесіп болған соң көңіл күйлерін сұрап, балаларға денсаулық тілеп, “Ундевит” витаминін таратады. Дәрігер балалармен қоштасып шығып кетеді.

Тәрбиеші: Балалар, бұл не? Кім келді? Витаминнің дәмі қандай? Түсі ше? деген сұрақтар арқылы сабағын жалғастырады.

Дәрігер, түсі сары, дәмі тәтті сөздерді пайдаланып (ә,ү,і,р) дыбыстарын дұрыс, анық айтуға жаттығады.

Ескерту: Бұл сабақ үлгі-жоспар ретінде беріліп отыр. Сол себепті тәрбиеші өзінің сабағында мүмкін менгеруші, аспазшы немесе күтушіні таңдап алуы керек. Сабақ жоспарлы түрде дидактикалық ойындармен, сұрақ-жауаптар, мақал-мәтелдер арқылы жалғастырылады. Сабақ соңында жана сабақта қандай сөз үйренгендері сұралады.

Оз балабақшаларын суреттен көрсетеді. Немесе үй құрастырады.

8-САБАҚ

Сабақтың тақырыбы: Топтың бөлмесі

Мақсаты: Балаларға бөлме іші туралы түсінік беру. Бөлмеде не бар? Мынау не? т.б. сұрақтар арқылы балалардың сөздік қорын молайту. Ойлау қабілеттерін дамыту.

Сөздік жұмысы: сырмақ, орындық, ойыншық, терезе, үстел т.б.

Әдіс тәсілдер: Өткен сөздерді қайталау. Түрлі-түсті суреттер арқылы балаларға әңгіме құрау. Сұрақ жауап әдістерін қолдану.

Корнекіліктер: ойыншықтар, ойыншық үй жиһаздары.

Сабақтың барысы: Педагог балалармен сәлемдесіп болып, олардың зейінін бөлме ішіне аударады. “Күншығар” әліппе-дәптерде берілген суреттермен бөлме ішіндегі заттарды салыстырып — Мынау не?

— Қандай дөп?

— Ала дөп.

т.б. сұрақтар арқылы орындықтарды санатып немесе ойыншықтарды, гүлдерді, сырмақ бетіндегі ою-өрнектерді сұрап әңгімелеседі.

Жұмбақ жасыру арқылы бой сергіту жаттығуын жасатады.

Сол аяқ пен оң аяқ

(Балалар қолдарын бүйірлеріне таянып, екі аяқтарын кезек-кезек сермейді).

Кезек оны тебеді.

(аяқтарымен дөп тепкендей болады).

Ол тынымсыз домалап,

(аяқтарының ұшымен жүтіргендей болып, қолдарын бір-біріне айқастыра айналдырады).

Зыр жүгіре береді.

-Ол не балалар?

Балалар “дөп” деп жауап береді.

Олай болса бөлмеден дөпті тауып көрсетіндер. Дөп қандай? Түсін айт. Дөп неге домалайды? Неден жасалған? Сенің добың бар ма? сұрақтарына жауап ойластырып, сөйлеуге үйренеді.

9-САБАҚ

Сабақтың тақырыбы: Біздің ойыншықтар.

Сабақтың мақсаты: Өткен тақырыптар бойынша меңгертілген білімдерін тиянақтау. Диалог түрінде әңгімелесу дағдыларын кеңейту. Қайда? Қандай? Қайдан? сұрақтарына дұрыс жауап ойлап айтуда үйрету. Ойыншықтарды күтіп ұстау дағдыларын қалыптастыру.

Сөз ішінде дыбыстарды дұрыс айтуда, мәнерлі сөйлеуге жаттықтыру.

Өз ойыншықтары туралы 3-4 сөйлем құрастыра білу.

Сөздік жұмысы: Ойыншық, ойыншықтар, үй жануарларының — (ат арба, түйе, бота) пішіндері.

Көрнекіліктер: қуыршақтар, үй жануарларының мүсіндері, не үлестірмелі суреттер, қоян, қой, қозы.

Әдіс-тәсілдер: Әңгімелесу, әңгімелеу, түсіндіру, дербес ойын-жаттығулар орындату.

Сабақтың барысы: Дефектолог:- Балалар, біз бүгін өздерің күнде ойнайтын ойыншықтардың атын қазақша айтуға үйренеміз.

Сұрақтар. Кімнің қандай ойыншығы бар? Балалар өз ойыншықтары туралы қазақша, орысша айтуға тиісті. Біздің бөлмеде қандай ойыншықтар бар? Үстел үстіндегі арнайы әкелген ойыншықтарды көрсетеді. Мынау — арба дейді де балаларға қайталатады.

Мынау не?

— Ол қой.

Мынау не?

— Ол қозы.

Сендер осы ойыншықтармен қандай ойын ойнағыларың, келеді?

2 ойын. "Қуыршақты серуенге шығару" т.б. Қуыршақ серуендеу үшін не керек? Қуыршақты киіндіруді, атты арбаға жегуді көрсетіп сөйлеседі.

Сергіту "Ойыншықтар" әніне кимыл-қозғалыс жасату.

Бұрын меңгертілген сөздерді қосып сөйлем құрату.

Ойын. "Кімде не бар? Кім не істеді? Қандай? Қайда? Кімнің?" сұрақтарына жауап ойластыратын қима суреттерді беріп, кімде қандай сурет бар? Сұрақтарын қояды. Балалар сөйлем құрастырады. Немесе өз ойыншықтары туралы айтады. Әсет қайда жүр? Не істеді? Әжесі не істеп отыр? Мысық (ойыншық) қайда тұр? Доп қайда жатыр?

Сөздің дыбыстық жағын дұрыс айту. Қ, ғ, і, ү, ұ дыбыстарының айтылу ерекшелігін, сөйлеу мүшелерінің қатысын көрсетіп түсіндіру.

Торғай-торғай тоқылдақ.

Жерден тары шоқып ап — деген сияқты халық өлендерін айта отырып, ғ дыбысының айтылуын көрсету. Дыбысталатын ойыншықтармен ойнату.

Телефонмен сөйлесу ойыны. Отырған балаларды қатарынан сөйлестіру. Тәрбиеші екі балаға ағасы мен інісі болып сөйлесуді ұсынады.

— Тындап тұрған кім?

— Мен, ағаң Ғалым.

— Қанат бар ма?

— Иә, бар.

— Әкем бар ма?

— Әкем жоқ.

— Үлжан қайда?

— Үлжан тәтем мектепке кетті.

Бір шумақ өлең оқылады.

Ойыншықтар

Біздерде бар қыршақ,

Бұзау, қозы, құлыншақ.

Ойыншықтар тындайды,

Емес олар ұрыншақ.

Н. Әлімқұлов

Балалар осы өлеңде аталған ойыншықтарды бөлмеден тауып, ойыншықтардан көрсетеді. Атын атайды.

Ойыншықтар қайда тұр? Сұрағына ойыншықтардың орналасуына қарай балалар жауап береді.

Қозы үстелдің үстінде. Қоян үстелдің астында. Бұзау, бота ойыншық бұрышында. Қуыршақтар шкафтың ішінде т.б.

Педагог: -Балалар сендер үй жануарлары қалай дыбыстайтынын білесіңдер ме?

— Иә.

— Педагог: - Мынау түйе, оның арқасында екі өркеші бар. Түйе боздайды-деп өзі үндеп естіртеді де. Ал, қой не істейді?

— Маңырайды.

— Сиыр ше?

— Мөңірейді.

— Жылқы кісінейді тәріздес сөйлем құрастырады.

Осыдан соң, балаларға танымал “Ұшты-ұшты”, “Асық” ойындары ойнатылады.

Музыкалық ойын. “Ортеке” (Роза Бағланова орындайтын) әуені табылса, балалар бет перделер киіп, билеп жүріп ойыншықтарды көрсетеді.

Хрестоматиядан Қ. Мырзалисевтің “Ойыншықтар” деген өлеңінен үзінді оқылады. Оқулықтағы (Кім не істеді?) — Өз қалаулары бойынша ойыншықтардың суретін салады.

Серуен кезінде “Дүкенде не бар, не жоқ” ойынын ойнату. Ойыншықтарды қазақ тілінде дұрыс атап айту.

Сабақтың мақсаты. Бұрын меңгертілген білімдерін тиянақтау. Ойыншықтары туралы қазақ тілінде айта білу дағдыларын жетілдіру. Сөз қорларын жаңа сөздермен кеңейту.

Сөздің дыбыстық құрамын дұрыс айтуға үйрету.

Сөйлемді дұрыс құрастыру. Жалаң, жайылма сөйлем құрастыруға үйрету. Өз ойыншықтары туралы 3-4 сөйлем түрінде әңгімелей білу. Шығарма оқу.

Қошақан

Қошақан-ау, қошақан,

Гүл берейін жейсін бе?

Гүлімді жеп қолымнан

Рахмет, дейсін бе?

О. Тұрманжанов

Жұмбақ

Кезікті бір жануар,

Үстінде екі тауы бар.

Мойны ұзын, көзі үлкен,

Не екенін тауып ал.

(Түйе)

Ойыншықтарды мүсіндету.

Серуен кезінде “Менің төлім қайда?”

Үй жануарлары (балалар) өз төлдерін іздестіреді.

10-САБАҚ

Сабақтың тақырыбы: Серуенде.

Сабақтың мақсаты: Педагог балалармен балабақша ауласында серуенде жүріп, балаларды “Күз” мезгілінің ерекшеліктеріне тән: сарғайды, қызғылт, ыңғалды, салқын, жомарт күз т.б. сөздердің мағынасын түсініп, дұрыс айтуға үйретеді.

Сабақтың барысы: Сабақ күзді бақылатудан, әңгімелеп, түсіндіруден басталады. Содан соң, тәрбиеші балаларға А. Асылбековтың “Алтын күз” өлеңін мәнерлеп оқиды.

Алтын күз.

Берекелі,

Мерекелі,

Келді жомарт алтын күз.

Қалада да,

Далада да

Жанның бәрі жарқын жүз.

Дефектолог “Күншуақ” әліппе-дәптерінде берілген суретке әңгіме құратып, күз туралы мақал-мәтел, жұмбақтар, күзгі егін, күзде пісетін жеміс-жидектер туралы түсіндіреді, әрі балалардан сұрап, төменде берілген тапсырмаларды орындайды.

11-САБАҚ

Сабақтың тақырыбы: Кім не істеді?

Сабақтың мақсаты: Тәрбиеші алдын-ала “Күншуақ” әліппе дәптерінде берілген суреттер бойынша көрнекі құралдар дайындап, жууды, ойнауды көрсетеді, әңгімелеседі т.б. сөздерді дұрыс айтып үйренуге жаттықтырады.

Сабақтың барысы: Тәрбиеші әрбір балаға үлестірмелі суреттер таратып беріп, суретте не көріп тұрғандарын 4-5 сөйлем арқылы қазақша айтқызады. Мысалы, «Әсем қуыршағын, қоянын, балапанын жуды», немесе «Әсел көп ойыншықтар жуды» т.б. Әрбір суреттегі балаларға ат қойып, түр-түстерін ажыратып, “Кім не істеді?” ойынымен сабақты жалғастырып жана сөздерді, ол сөздерде кездесетін к, ү, і, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтырады.

12-САБАҚ

Сабақтың тақырыбы: Кел ойнайық!

Бұл сабақта біздің айтарымыз басқа халықтар сияқты, қазақтың да ұлттық ойындарының пайда болуы мен даму тарихы тым әріден басталатыны белгілі. Сондықтан барлық тәрбиенің негізгі бастауы сабақтағы түрлі ойындар арқылы, халықтық педагогика қағидаларымен ұштастырылып жатады. Ойындар қамтылып өткізілетін әрбір сабақтың мақсаты баланың ой-өрісін, тілін, сөздік қорын молайтып отырады.

Қазіргі кезде де қазақтың қимыл-қозғалыс, тапқырлық, ептілік, төзімділік, ой-қиял ұшқырлығына баулитын ойындары тәрбие жүйесіне енгізілуде. Олар тек дене шынықтыруға емес, жас ұрпақтың, туған халқының өткен жолын, тарихын, тілін, әдет-ғұрпын жақынырақ білуіне де жақсы көмектеседі.

Ұлттық ойындар “Арқан тартыс”, “Асық ату”, “Ханталапай”, “Соқыр теке”, “Көкпар”, “Бәйге” т.б. ойындар балалардың батылдық, ептілік, ұйымшылдық, жауапкершілік, төзімділік, халық шығармашылығына деген сүйіспеншілік тәрізлі жақсы қасиеттерін дамытады. Ойындарды ұйымдастыру, өткізу жұмысында тәрбиешілердің, үлкендердің көңіл бөлетін негізгі кездерінің бірі балалардың ойын тәртібін қатаң сақтауын қадағалау.

Ойын тәртібін сақтау балаларды адалдыққа, жауапкершілікке, реттілікке тәрбиелейді. Мысалы: кез-келген ойынды бастау үшін мына өлең шумағын пайдаланып ойнайтуға болады.

Ойын бастау

Келіндер ойын бастаймыз,

Лақтырып таяқ тастаймыз.

Қағып алып әуеден,

Кезектесіп ұстаймыз.

Кімге келсе ең ұшы

деп білеміз — жеңісі,

Сол бастайды ойынды,

Келісіп солай алайық.

13- САБАҚ

Сабақтың тақырыбы: Балабақша ауласында.

Сабақтың барысы: Педагог балалардың назарын тактаға ілінген түрлі-түсті суреттерге аударады. Осы суреттер бойынша балалар әңгіме құрайды. Мысалы: бірінші сурет бойынша Нұрбек, Қазбек, Нұрәулет балабақша ауласында бірге ойнап жүр. Тәрбиеші: - Балалар қандай ойын ойнап жүр? деген сұрақ арқылы футбол, бірге, какпа сөздерін үйренсе, екінші суреттегі қыз балаларға да ат қойып, гүлге су құйды. Раушан гүлінің немесе түймедақ т.б. гүлдердің қазақша аттарын үйренеді. Ал үшінші суретте “Бұғынбақ” ойынының сөзін жаттатып, балаларға түсініксіз сөздермен сөздік жұмысы жүргізіледі.

Ойын:

“Бұғынбақ”

Бұғын, бұғын, бұғынбақ,

Тамаша екен бүгін бақ.

Жасырын деп тасама,

Ағаштар тұр сыбырлап.

Бұғын, бұғын, бұғынбақ,

Кімдер қайда тығылмақ.

Көрсем айтып қоям деп,

Торғайлар жүр шырылдап.

Осы олең жолдарын қайталай отырып, қимыл-қозғалыс, бой *сергіту* жаттығуларын жасатады.

14- САБАҚ

Сабақтың тақырыбы: Жыл мезгілдері. Алтын күз.

Мақсаты: Балалардың жас ерекшелігін, бұрын меңгертілген (қазақ, орыс тілдерінде) білім деңгейін ескеріп, күзгі табиғат ерекшелігін, күзгі еңбек түрін, күздің халыққа берер байлығын ұғындыру. Жаз бен күзді салыстыра сұрап, әңгімелесу, өткен маусым туралы білімдерін тереңдету.

Күз айларын дұрыс айтуға үйрету. Эр айдың ерекшелігін аңғарту.

Сөз дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру. Қазақша сөйлесуде сөйлемді дұрыс құрастыру, өздеріне таныс оқиға туралы әңгімелей білуін жетілдіру. Ересектердің еңбектерін құрметтеу, көмектесу дағдыларын қалыптастыру.

Сөздік жұмысы. Күз, алтын күз, жинады, қыркүйек, қазан, қараша.

Көрнекіліктер: Ойыншықтар, үлестірмелі суреттер, табиғат материалдары (жапырақ, гүл, кептірілген не жаңадан әкелген бидай масағы т.б.).

Әдіс-тәсілдер: Бақылату, көрсету, түсіндіру, әңгімелеу.

Сабақтың барысы: -Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Біз бүгін күзде не көргендерің туралы қазақша сөйлесеміз. Жомарт, алтын күз туралы сендер маған айтып бересіңдер. Суреттер көрсетіледі. Бұл қай мезгіл?

— Күз.

Иә, бұл суретте күз мезгілі көрсетіліпті. — Күзгі ағаштар (орман) қандай? - Салқын (суық), жаңбыр жауып тұр (күн ашық). Жазда не көрдіңдер? Жазда күн қандай болады? Жазда қайда бардыңдар? Жаз айларын атаңдар. (Маусым, шілде, тамыз).

Қазір мен сендерге күз айларын айтам. Сендер тыңдап атыңдар. Күз айлары: қыркүйек, қазан, қараша — күзде неше ай бар екен санандар?. Маған қосылып ай аттарын қазақша-орысша айтыңдар. Күздің бірінші айы — қыркүйек, екінші айы қазан, үшінші ең суық айы қараша.

Қыркүйек айында күн қандай? — Салқын, жаңбыр жауып тұр (жауған жоқ).

Қыркүйек айында үлкен балалар қайда барады?

— Мектепке барады. Үлкен кісілер не істейді? Далада бидай орады, жинайды (тәрбиешінің көмегіне сүйеніп жауап береді).

Оқулық суреттері көрсетіледі. Кім? Кімдер? Не істеп жүргенін сұрайды. — Мына екі бала орманда не істеп жүр? Үлестірмелі суреттер беріледі. Балалар өз суреттері туралы айтып береді. Сөйлемнің дұрыс айтылуына көңіл болу қажет.

Сергіту жұмысы: Бидай сабақтарын ұстаған балалар музыкалық қимыл-қозғалыс жасайды.

Ойын. Кім тез табады? — Балалар дәнді-дақылдарды (бидай, арпа, сұлы), жеміс, көкөніс аттарын қазақша тез айтып үйренеді. Алтын күзде ұқсас заттарды атандар.

Сөйлем құрату: Алма... Бидай... Жапырақ... Жапырақ қандай?

Балалар, мен сендерге ұлы ақын Абайдың “Күз” деген өлеңін оқимын. Өлеңде күзде бұлт қандай болатыны туралы не айтқан екен тындап отырындар. Маған айтып бересіндер, - дейді де, “Күз” туралы өлеңінің екі жолын оқиды.

Сұр бұлт, түсі суық қаптайды аспан,

Күз болып дымқыл тұман жерді басқан.

Балалар, бұл өлеңде Абай аталарын күздің суықта бастағанын, қазан айында аспанда сұр бұлт көбейіп, жаңбыр жауатыны, жерді тұман басып, ештеңе көрінбейтіні туралы айтқан. Өлең жолын қайталап оқиды. Балаларға қайталатады. Бұлтты, тұманды күндерді бақылатып, өлең жолымен салыстырады. Күз байлығы сұралады. Нанды, жемісті қайдан аласындар? — Бидайды кім көрді? Қайдан көрдіңдер? “Нан қайдан келді?” оқулық суретін көрсетіп әңгімелесу.

Ойын. “Күз” туралы кім кеп сөз айтады?

“Жел соқты” ойынын ойнату. Қатты жел соққанда, жаңбыр жауғанда қандай дыбыс естіледі? т.б. музыкалық ойындар ойнатып, сөз дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету.

Тәрбиеші. Балалар, Ілияс Жансүгіров балаларға арнап көп өлең, әңгіме жазған. Мен сол Ілияс аталарының “Күз” туралы өлеңін оқимын. Сендер жақсылап тындандар. Кейін маған жатқа айтып бересіндер.

Күз

Ой, балалар, балалар,

Қоңыркай күз болыпты.

Қурап жапырақ салыпты,

Ел егінін орыпты.

Осы үзіндіні қайталап айтады да қандай өлең оқылғаны, өлеңді кім жазғаны, кімдерге арналғаны сұралады. Бұл өлеңде күздің қыркүйек айында болатын өзгерістері, жапырақтар туралы не деген? Жапырақ қайтеді? — Далаға қарандаршы. (терезеден бақылау) Жапырақтар қандай? Сендер бидай өскен даланы, бидай орған комбайнды, егін орған дикандарды көрдіңдер ме? — Қайдан көрдіңдер? Сөз дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету үшін мақал, жұмбақ, жаңылтпаш оқылады.

Мақал.

Еңбек етсең ерінбей,

Тояды қарның тіленбей.

Жұмбақ

Ұзын мұртты сарылар,

Қойынында дәні бар.

(Бидай)

Жаңылтпаш

Қырда қырау,

Қызылала бұзау.

Бұл мәтіндерді тәрбиеші оқиды. Балалар сөз мәнісін табады. Олар айталмаса тәрбиеші түсіндіреді.

Серуенде. Балаларға табиғатты бақылатады, диафильм көрсетіледі.

Ескерту. Балалардың ойлау, сөйлеу, ой қызметін жұмсап еңбек ете білу қабілеттілігін дамыту үшін оқылған қысқа өлең, тақпақ, жұмбақ, мақал-мәтел мазмұнын балалардан сұрап, жауап іздестіруге үйрету керек. Балалар айта алмағанда ғана тәрбиеші түсіндіруге тиісті.

Қорытынды.

Тәрбиешінің әңгімесі. Алтын күз.

Алтын күз келді. Күз айлары: қыркүйек, қазан, қараша. Күзде қыркүйек айынан күн салқындайды. Аспан жиі бұлттанады. Салқын жел соғып, жаңбыр жауады. Айналаға қарандаршы, ағаш жапырақтары түрлі-түсті бола бастады. Сап-сары, қызыл, сары, көк, жасыл жапырақтар ағаштардан түсіп жатыр. Қатты жел соққанда жапырақтар ағаштардың басынан құстай ұшып жерге түседі. Жерге түскен жапырақтар кілемдей жұмсақ. Егістікке сап-сары алтындай, жемістер де қызып, сары түске боялған. Сондықтан күз — алтын күз деп аталады. Көктемде егілген астықты егіс алқаптарынан дикандар жинайды, бастырады. Көкөніс жемістерді үлкендер жинайды. Оларға мектеп оқушылары көмектеседі.

Ескерту. Әңгіме тәрбиешілер үшін беріліп отыр. Әрбір тәрбиеші сабаққа ұсынылған мәтіндерді, әңгімені балалардың қазақша сөйлеу, сөйлесе білу деңгейіне қарай ықшамдап алуға тиісті. Бұл әңгімені екі бөлімге бөліп, сабақтан соң айтуда да болады.

15-САБАҚ

Сабақтың тақырыбы: Жомарт күздің сыйлығы.

Мақсаты: Жыл мезгілі туралы білім-дағдыларын тереңдету, қайталап бекіту. Сөйлем, әңгіме құрап айтуларын жетілдіру. Сөз дыбыстарын қайталау, дұрыс айтуын байқау.

Қазақша — ә, о, ү, ұ, н, ғ, к — дыбыстарының айтылу ерекшелігін, сөйлеу мүшелерінің қатысын көрсетіп түсіндіру.

Сөздік жұмысы: Менгертілген сөздерді күнделікті тәжірибеде, сөйлесу, ойын-жаттығуларда қолдана білуге үйрету. Қызылша, сәбіз, қияр, алмұрт, алма, өрік, шие сөздерін қазақша айтуға жаттықтыру.

Көрнекіліктер: Жеміс, көкөніс суреттері, мүмкіндігіне қарай нақты желісті көрсету, оқулық суреттері, муляждар, ойыншықтар.

Сабақтың барысы: жыл мезгілдері туралы білімдерін қайталау, бекіту.

Сұрақтар: (суретсіз) Бір жылда неше мезгіл бар? Әр мезгілде (күзде, қыста, көктемде, жазда) неше ай бар? (үш ай бар). Төрт мезгілдің бәрін қосқанда неше ай болады? (орысша, қазақша сұрау). Бір жылда неше ай? — Бір жылда 12 ай. “Жыл он екі ай” кітапшаларындағы (балалармен жасаған) суреттер көрсетіледі.

“Бір үйдегі 12 бала” ойынын ойнату. Үлестірмелі 12 суретті балалар алып, әр суретке жауап беріп, бір қорапқа салады да не істегендерін айтады, өздері білетін өлең-тақпақтарды қайталайды.

“Қай мезгіл”, “Не жоқ?” ойындарын ойнату.

Ескерту. Жемістер, көкөністер (Бау-бақшада). Тақырыбы жыл мезгілдерінде де қарастырылады. Сондықтан жоспарда қысқартылып беріліп отыр.

Жаңа материалды түсіндіру сұрақ-жауап әдісімен жүргізіледі.

Көкөністер туралы суреттер көрсетіп әңгімелесу.

Бұл не? Қайда өседі?

Кім? (Кімдер?) егеді? (сөбеді)

Қай кезде піседі?

Кімдер жинайды? — деп сұрай отырып, әңгімелесу.

Қияр, сәбіз, қызылшаны, қызанақты көрсетіп, түсінік беру. Аталған жемістердің түр-түсі, пішіні, дәмі туралы әңгімелесу. Мына суретте неше көкөніс көрсетілген? Атын атап, санын айт. Сендер көкөністерді қайдан көрдіңдер? Дүкеннен не алдыңдар?

“Көкөністер дүкені” ойынын ойнату.

Сергіту жұмысы. Көкөністер жинау. Қимыл-қозғалысын жасату.

Жұмбақ айту. Мақал-мәтел айтып түсіндіру.

Мақал.

Жері байдың — елі — бай.

Жаңбыр жауса — жер ырысы.

Егін өссе — ел ырысы.
Қияр мен капуста ертегісін оқу.

Неліктен қияр тоңып қалды?-деп себебін айтқызу.

Көкөніс..... (қайда өседі?)

Қияр.....

Сәбіз..... (түсі, дәмі қандай? Сөйлем құрау).

“Біздің бақшада” (балабақша емес) не өседі? ойынын ойнату.

Көкөністерді мүсіндеу, не суретін салу.

Көкөністерді бақылату. Диафильм көрсету.

Ескерту. Жемістер тақырыбы да осы ретпен өтіледі. Бұл жөнінде тәрбиешілерге материалдар таныс. Оқулықта жемістер, мәтіндер берілді. Суреттерді көрсетіп сөйлесу, әңгімелесу, ойнату жұмыстары жүргізіледі.

16-САБАҚ

Сабақтың тақырыбы: Бақшада.

Мақсаты: Өткен сабақта меңгертілген білім дағдыларын қайталау. Суреттер көрсету арқылы сөйлесу, ойын-тапсырмалар орындату. Қайда? Қанша? Нешінші? Қандай? сұрақтарына жауап беретін ойыншықтар, суреттер пайдаланып бақшада өсетін көкөністердің атын қазақша дұрыс айтуға үйрету.

Сөздік жұмысы: қияр, асқабақ, сәбіз, қызанақ т.б.

Көрнекіліктер: Жыл мезгіліне қарай көкөністер туралы суреттер, муляждар, үлестірмелі суреттер.

Әдіс-тәсілдер: Сұрақ-жауап, әңгімелеу, әңгімелету, түрлі-түсті суреттер қарау, ойын-тапсырмалар және өлең тақпақтар жаттату.

Сабақтың барысы: Балалар, бүгін біз сабақта “Тауып көрсет, атын айт” ойынын ойнаймыз, - деп, тәрбиеші балаларды екі топқа бөліп жарыстырады. Топтарға арнайы ат қойылады. Мысалы: “Сәбіз” және “Қияр” тобы т.б. Жарысу кезінде балалар көкөністердің атын, жинау, теру, баптау сөздерін қазақша айтуға үйренеді. Сондай-ақ “Біздің бақшада” ойынын ойнатып, осы тақырыпта әңгіме құратуға болады. Көкөністердің өзін немесе муляждарын көрсетіп:

— Бұл не? (нелер?)

— Қайда өседі? (бақшада)

— Қай кезде егеміз?

— Қай кезде өседі?

— Қай кезде піседі? т.б. сұрақтарды қоя отырып әңгімелесу.

Көктемде бақшаға көкөніс отырғызу, жазда күту, суару, баптау, күзде жинау сәттеріне арналған суреттерді пайдаланып, балалардың жауабын толықтырып отыру. Көкөністер туралы шығармалар оқылып, балалар бір-біріне сұрақ қойып, жауап береді.

Сабақтың барысында бөй *сергіту* жаттығулары тақырыпқа сай өткізіледі. Қазақ тіліне тән к, ғ дыбыстарының айтылуына көңіл бөлініп, сабақ қортындыланады.

17- САБАҚ

Сабақтың тақырыбы: Жемістер.

Мақсаты: Балаларды жемістердің атын, ө, ү, ұ, ң дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру. “Ғажайып бауда”, “Жеміс бағы” ойынын ойнатып, қайда?, қандай? сұрақтарына дұрыс жауап беруге үйрету.

Сөздік жұмысы: өрік, шие, жүзім, алша т.б. пісті, түсті, өсті.

Көрнекіліктер: Жемістер туралы суреттер, түрлі-түсті картиналар, жемістердің суреті анық салынған үлестірмелі құралдар.

Әдіс-тәсілдер: Сұрақ-жауап, дидактикалық ойындар, өлең-тақпақтар мен жұмбақтар оқу, әңгімелету.

Сабақтың барысы: Бұл сабақты тәрбиеші өткен көкөністер сабағымен байланыстырып, екеуінің бір-бірінен айырмашылықтарын айта отырып, ойын әдісі арқылы тәрбие жұмысын бастау. Мұнда да балаларды екі топқа “Көкөністер”, “Жемістер” деп, бөліп ойнатады.

Дефектолог ауызекі түрде яғни суреттерді пайдаланбай көкөністер мен жемістерді сипаттап айтады.

Қызылшаны көрсетіп, мынау жүзім бе?

— Жок ол қызылша. (көкөніс).

Осылай ойын ретінде балалар көкөніс пен жемістерді бір-бірінен айыра білуге үйренеді.

Өрік, шие, жеміс сөздеріне дыбыстық талдау жасатылады. “Не өсті?”, “Не пісті?”, “Нені жинады?” сұрақтарына жауап беріп “Жарыс” ойынын өткізіп, тапқырлыққа, шапшаңдыққа, ойлануға үйрету жұмыс- тары жүргізіледі.

18-САБАҚ

Сабақтың тақырыбы: “Нан қайдан келді?”

Сабақтың мақсаты: “Нан қайдан келді?” ертегісін оқу, түсіндіру барысында сөздік қорларын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту. Балалардың нан туралы түсініктерін тереңдету. Еңбекті бағалап, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.

Сабақтың барысы: “Біздің кітап” оқу құралынан (авторы Б. Баймұратова) “Нан қайдан

келді?” ертегісін балаларға айтып беріп қаншама адамның еңбегімен дастарханға түсетін ақ нанның қасиеті жөнінде тәрбиеші балаларға түсінік береді. Сонымен қатар адамдардың еңбегін бағалай білу туралы. Нан туралы балаларға мақал-мәтелдер үйретіледі. “Ас атасы — нан”, “Нан — тіршілік көзі” т.б. Нан туралы тыйым сөздер: “Нанды бір қолыңмен үзбе”, “Нанды баспа” т.б.

Нан туралы өлең-тақпақтар жаттатады.

Нанда өмірдің иесі мен дәмі бар,

Нанда адамның еңбегі мен ары бар.

Нан өмірдің ана сүті, арқауы

Нансыз жерде қай өмірдің соңы бар.

Осылай балаларға нан туралы кеңейте түсіндіріп, ертегідегі кейіпкерлердің рөлін, балаларға сахналандыруға болады.

19-САБАҚ

Сабақтың тақырыбы: Дене мүшелері.

Сабақтың мақсаты: Адамның дене мүшелеріне байланысты ұғымды қазақша дұрыс атап, қолдана білуге үйрету. Денені таза ұстауға машықтандыру.

Сөздік жұмыс: бас, көз, мұрын, қол, аяқ т.б.

Әдіс-тәсілдер: Сұрақ-жауап, түрлі-түсті суреттер мен картиналар, диофильмдер.

Көрнекіліктер: Дене мүшелері анық салынған үлкен плакаттар, қуыршақ т.б.

Сабақтың барысы: Тәрбиеші балаларға адамның дене мүшелері бейнеленген үлестірмелі суреттерді таратып, сұрақ қою арқылы жана бас, көз, мұрын, құлақ сөздерін қайталайды. Сөйлем құратады. Мысалы: Мен қолымды жудым. Әсет сен жудың ба? деп, балалар бір-бірінен сұрайды.

Адамның дене мүшелерінің қызметі туралы екі бала (диалог) сөйлеседі.

— Сенің аузың кәне?

— Менің аузым міне.

— Ауыз не үшін керек?

— Тамақ жеу үшін.

Міне, осылай сабақ “Қуыршақты жуындыру” дидактикалық ойынымен жалғасып, Ө. Тұрманжановтың “Әй, кір бала, кір бала” өлең-тақпақтарын оқып, балалар әрқашан дене мүшелерін таза ұстауға үйретіледі. Сонымен қатар дене мүшелерінің аттарын қазақша дұрыс айтуға қалыптастырылады.

20-САБАҚ

Сабақтың тақырыбы: Дене мүшелері не үшін керек?

Сабақтың барысы: Әрине, бұл сабақты тәрбиеші өткен сабақпен тығыз байланыстырып, ойын-тапсырмалар жүргізеді. “Кімнің (ненің?) дене мүшелері?”, “Дәрігер”, “Менің не істегенімді айт” ойындарын ойнатып көзінді, бетінді, аяғыңды, қолыңды жу, сұрт-сұртті, тазалады, жиналы сөздерін дұрыс айтып, тазалық сақтауға үйретеміз. Қуыршақ Әселді дәрігерге қаратып (көзі, құлағы, аузы, басы мұрнын) тексертеміз.

— Әсел сенің аяғың қайсы?

— Мынау менің аяғым.

— Әсел сенің қай жерін ауырады? т.б. сұрақтар қойып дәрігер сөйлеседі.

“Күншуақ” әліппе дәптерінде берілген суреттерді пайдаланып “Дене мүшелері не үшін керек?” тақырыбына әрбір балаларға ат қойып, 3-4 сөйлем құрастырады. Сабақ осылайша тәрбиешінің ізденімпаздығы мен шеберлігіне ұласып, жалғасын табады.

21-САБАҚ

Сабақтың тақырыбы. Киім және аяқ киім.

Сабақтың мақсаты: Киім аттарына байланысты сөздерді қазақ тілінде дұрыс айтуға үйрету. Өткен сабақтарда үйренген сөздерді бекіту, күнделікті сөйлесуде қолдана білу. Сол сөздерді пайдаланып, сұрақ-жауап ретінде сөйлеу дағдыларын жетілдіру.

Сөздік жұмысы: Көйлек, жейде, шалбар, бәтеңке, етік — бәрі киім.

Корнекіліктер: Киім суреттері, қуыршақ, қуыршаққа арналған киімдер, “Күншуақ” әліппе дәптерінен суреттер.

Әдіс-тәсілдер. Әңгімелеу, көрсету, түсіндіру, әңгімелесу. Өткен тақырыпта меңгертілген сөздерді естеріне түсіру, ойын-жаттығуларды орындату.

Сабақтың барысы: Жаңа материалды түсіндіру қуыршақтың киімдерін, киімнің суреттерін көрсетіп сөйлесуден басталады. Қуыршақты көрсетіп: — Мынау не?

— Қуыршақ.

— Қуыршақтың аты кім?

— Әсия. Қуыршаққа көйлек кигізіп тұрып:

— Қуыршақ не киді?

— Ол көйлек киді.

— Көйлек қандай?

— Көйлек қызыл.

— Мынау жейде. Ұл қуыршақтың суреті көрсетіледі.

— Бұл кім?

— Ол ұл. Ұл мынау жейдені киіні. Володя, сен ұл балаға жейде киізі.

Ойын. Суретте кім не ішеді? Балалар қайда келді? Қызға шешесі не көрсетіп тұр? Ұл балаға әкесі не әперді? Кім тез жауап берер екен? Қыз көйлекті киіп тұр. Ұл балаға әкесі шалбар, бөтенке әперді. Балалар, бүгін сендер көйлек, шалбар, жейде сөздерін қазақша айтып үйренесіңдер. Мынау менің көйлегім. Көйлегім қызыл, ұзын. Сенің көйлегің қайсы? — деп сұрайды. Көйлек, шалбар, бөтенкелердің суреттері көрсетіледі. Сөйлем құратады. Мынау қуыршақтың етігі, сенің етігің бар ма?

Үлестірмелі суреттер беріледі. Балалар өз суреттері туралы сөйлем құрастырады.

Ойын. Қуыршаққа көйлек киізу, бөтенкесін шешу, ойын-жаттығуларын орындату. Қуыршаққа (ұл, қыз) көйлек, жейде, бөтенке, шалбар киізеді де, не істегендерін айтқызады. Киімдердің түр-түсі сұралады.

Ырғақты би-кимытын жасату.

Сергіту жұмысы. Ұлттық ырғақты би музыкасы ойналады. Балалар киіну-шешіну кимыл-қозғалыс жасатады.

Ойын. Кімнің көйлегі қандай? Екі түрлі көйлек киген үлкен, кішкене қыздардың суреті көрсетіледі. Бірінің көйлегі көк, шашы қара, лентасы ақ, бөтенкесі ақ. Екінші қыз кішкене, шашы сары, көйлегі сары, лентасы ақ, бөтенкесі сары (қоңыр). Балалар қыздарға ат қояды.

— Мынау суретте неше қыз бала бар?

— Екі қыз бала. Мынау қыз қандай? (үлкен)

— Көрсетіледі. - Ол қыз үлкен. Мынау ше?

— Ол кішкентай.

— Кішкене қызды тағы қалай айтуға болады?

— Ол сіндісі (тәрбиеші көмектеседі)

Балалар, қыздарға ат қойыңдар. Кім не киген? Киімдерінің түсі қандай? Кім тез айтады?

-Оя, сенің көйлегің қандай? (қызыл, көк, қысқа).

-Володя, сенің шалбарың қандай?- Әсия, бөтенкең бар ма?

— Бөтенкем бар, түсі қара.

"Киім дүкені" ойынын ойнату.

Көйлекті маған кім берді? Қ. Әжікеевтің әңгімесін оқу.

Жұмбақ оқу.

Ерте тұрып, екі айыр жолға түстім.

Жаңылтпаш оқу.

Құрықтан құлдырап түстім,

Сырықтан сырғанап түстім.

Сабақтан соң балалардың киім бөлмесіндегі киімдерді көрсету. Ілгішті көрсетіп, бұл киім ілгіш деп түсіндіреді. Қуыршаққа “Киім тігу” ойынын ойнатады.

22-САБАҚ

Сабақтың тақырыбы: Киім және аяқ киім.

Сабақтың мақсаты: Киім туралы білімдерін кеңейту. Қазақша дұрыс атап айтуға үйрету. Ойын-жаттығулар орындату арқылы жаңа сөздерді меңгерту. Киімдерін күтіп ұстауға дағдыларын жетілдіру.

Сөздік жұмысы: Құлақшын, тымақ, қолғап, тон, шәлі, орамал.

Әдіс-тәсілдер: Көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, әңгімелесу, ойын- тапсырмалар орындату.

Көрнекіліктер: Суреттер, ойыншықтар, қуыршақ киімдері.

Сабақтың барысы: Бұрын меңгертілген білімдерін қайталау. Оқулықтағы суреттерді көрсетіп, ұл бала не киген? Ол не істеді? Қыздың көйлегі қандай?

Жыл мезгілдеріне қарай киетін киімдер бейнеленген үлестірмелі суреттер. “Нені қай кезде киеміз”. Балалар қалаулары бойынша суреттерді таңдап алып жауап береді. Қай мезгілде не киетінін айтады.

Өздерінің белгілі мезгілге (күзде, қыста т.б.) киіп келген киімдері, оны кім әперді? Қайдан алды? Түсі қандай? - екенін әңгімелейді.

— Қазір қай мезгіл?

— Қазір қыс.

— Иә, қазір қыс, күн суық (аяз). Қуыршақ Мұхтардың мынау тоны, мынау етігі, мынау тымағы (құлақшыны), мынау қолғабы.

— Мұхтар қыста қандай киімдер киеді екен?

Киім аттарын қайталап айтайық.

— Мынау не? (суретті киімді көрсетіп)

— Ол тон.

— Мынау не?

— Ол тымақ, құлақшын.

— Мынау не?

— Ол етік.

Екі баланы шақырады. Олар ұл кұыршаққа аталған киімдерді кигізеді, атын, түсін, қашан киетінін айтады.

Екінші кезекте қыз — Әсемнің киімін атап көрсетеді. Балалар Әсемді киіндіреді. Не істегендерін айтады. Шәлі, орамал қыздардың тоқыма бас киімдері көрсетіледі.

Сергіту жұмысы. Ш. Қалдаяқовтың бір музыкасы, не халық әні “Жайдарман” әуенінің ырғағымен қимыл-қозғалыс жасалады.

“Кім қазақша жақсы сөйлесе біледі? — ойынына жақсы сөйлейтін балалар таңдалады. Екі бала кім не киетіні туралы сұрақ қойып, жауап береді. Отырған қатарлары бойынша ойын қайталанатын.

“Жанды сөйлемдер” ойыны. Менің тымағым, тоным, етігім, қолғабым бар. Осы алты сөзге алты бала шақырылады. Бірінші балаға сурет (менің деп өзін көрсетіп тұр), қалған төрт балаларға киім суреттері беріледі. Соңғы бала “бар” сөзінің рөлін орындайды. Тәрбиеші ойын шартын түсіндіреді. Алты бала ортаға шақырылады. Бұлар енді балалар емес, үлкен сөйлем (жайылма) деп түсіндіреді. Менің деген сурет ұстаған бала, қандай киімі бар екенін атайды. Балалар қолдарындағы суреттерін көрсетеді.

Келесі кезекте “Біз не киеміз” суреттер (карточкалар) беріліп, сөйлем құрастырады. Балалар — менің көйлегім, пенжегім бар-деген сияқты сөйлем құрайды.

Тымақ, көйлек сөздерін буынға бөліп үйренеді. Қ, ө дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету ескеріледі.

“Менің не істегенімді табындар” үндемес ойыны. Тәрбиеші киіну, шешіну қимыл-қозғалыстар көрсетеді, балалар не істегенін тауып айтады. Қуыршақ не істеді?

Киді... шешті... ілді... сөздеріне киім аттарын ілгішке сөзін қосып сөйлем құрату.

Киімнің жеке бөліктерін — жеңі, жағасы, бойы (өңірі), қалтасы, түймесі - деп көрсетіп, қазақша қайталату. Бірнеше бала өздерінің пенжек, көйлектерінің жағасын, екі жеңі, екі қалтасы бар-деп көрсетеді. Оқулықтағы суреттерді көрсетіп, сөйлем құратылады.

Шығарма оқу. Мақал, жұмбақ, жаңылтпаш.

Балалар киім суреттерін салады.

“Қуыршақты серуенге шығарамыз” ойынын ойнатып, серуенге шығады.

23-САБАҚ

Сабақтың тақырыбы: Киімді қалай күту керек?

Сабақтың мақсаты: Өткен “Киім және аяқ киім” тақырыбымен бай- ланыстырып меңгертілген білім дағдыларын қайталау. Көйлек, жейде, етік, камзол, сәукеле сөздерін қазақ тілінде дұрыс айтуға қалыптастыру.

Сөздік жұмысы: жіптен, жүннен, жүқа, қалың, түйме, ине т. б.

Сабақтың барысы: Киімдердің суретін көрсетіп, қазақша қалай аталатынын айтып, оларды яғни киімдерді қалай күту керек екендігіне тәрбиеші тоқталады. Мысалы:

— Әсем, қуыршақтың киімдерін айтшы?

— Мынау көйлегі, тоны, камзолы, т.б.

— Көйлегінің түймесі қайда?

— Түймесі жоқ.

— Әсел, түймесіз көйлек киюге бола ма?

-Жоқ.

— Олай болса, не істеу керек?

— Түйме тағу керек.

Тақырып бойынша меңгерілетін сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, түймесін тік, үтікте, іліп қой, жина, жу т.б. деп айтып, киімді қалай күтуге болатынын үйрету қажет. “Киім дүкені”, “Қуыршаққа киім тігу” ойындарын ойнату.

24-САБАҚ

Сабақтың тақырыбы. Көйлекті маған кім берді?

Сабақтың мақсаты: Бұрынғы меңгертілген сөздермен сөйлем құрату. Сен не киіп келдің? (кидің) Қуыршақтың қандай киімі бар? Сұрақтарының мәнісін түсініп, жауап беруін жетілдіру. Қандай? Сұрағына жауап беретін сын есімдерді қарама-қарсы мәнде сөздерді сөйлем ішінде айта білу дағдыларын дамыту.

Сөздік жұмыстары: Сөздер мен сөз тіркестері. Құлақшын, тымақ, тон, шалбар, көйлек сөздерін қазақша дұрыс айту, ки, киін, шеш, шешін, мынау көйлек, ұзын-қысқа, кең-тар, көк, қызыл — бұрын үйренген осы сөздерді қайталау. Қазақтың ұлттық киімдері туралы түсінік.

Көрнекіліктер: Үлкен-кіші қуыршақтар, қуыршаққа арналған киімдер, “Күншуақ” әліппе-дәптерінен суреттер.

Әдіс-тәсілдері: Әңгімелесу, сөйлесу, түсіндіру.

Сабақтың барысы. 1. Өткен сабақта үйренген сөздерін қайталау. Қуыршақ шкабында не (нелер) бар? Ойыны ойнатылады. Қуыршақ шкабындағы киімдерді көрсетіп, қандай киімі (киімдері) бар? Балалар, көйлек, пенжек, тон, шалбар, қолғап, шәлі, тоқылған бас киімдерді көрсетіп, атын айтады.

Қыс киімін киген үлкен қуыршақ көрсетіледі.

— Мынау қандай қуыршақ?

— Бұл үлкен қуыршақ. Қуыршақ қандай киімдер киген? — Балалар кезекпен жауап береді. — Қуыршақтың тымағы, тоны, қолғабы, етігі (бәтеңкесі) бар. Пальтосы қандай? (қара, ұзын, қысқа). Екінші қуыршақ қыз көрсетіледі. Мынау қандай қуыршақ? (Ол қыз, кішкене, кішкентай) Кішкене қыз — қуыршақ қандай киім киген? Көйлек, пенжек, бәтеңке киген. Көйлегі, пенжегі, бәтеңкесі бар. Осы киімдердің түр-түсін айтады. Көйлек ұзын, кең, пенжек қысқа, тар, бәтеңке қызыл.

Балалардың өз киімдері сұралады.

— Әсем, сенің қандай киімің бар?

— Менің көйлегім бар.

— Көйлегің қандай?

— Көк (қоңыр, қара, сары т.б.). Бірнеше баладан не киіп келгендері осылайша сұралады.

Сергіту жұмысы. “Айгөлек” әуенінің ырғағымен, қуыршақтармен би қимыл-қозғалысын жасату.

Балалар қуыршақты пайдаланып, ойын-тапсырмалар орындайды. Өздеріне берілген қуыршақтың қандай екенін, ұл, қыз екенін айтады. Қуыршақтарына ат қояды.

— Менің қуыршағым үлкен. Ол ұл. Оның аты — Мәлік (не Саша) қуыршақ серуенге шығару үшін не киеді? — деп сұрайды да, киім аттарын қазақша атап айту талап етіледі.

Киім суреттері көрсетіледі. Бұл не? (тон, тымақ, шалбар, етік). Қуыршақты серуенге шығарайық, осы киімдерді киіндіріңдер. Балалар киімдерді кезектеп алып, атын, түсін айтып киіндіреді.

Ойын. “Кім екенін тап” бөлмеде отырған балалардың бірін сипаттайды. (өзі аппақ әдемі, шашы қара, үстінде ақ жейдесі, қара пенжегі бар). Балалар кім екенін тауып, атын атайды, балаларға қайталатады.

Тәрбиеші: Балалар, сендер өздерің қандай киімді қай кезде киетіндерінді айтыңдар. Енді сол киімдер туралы қандай жұмбақ білесіңдер? (орыс, қазақ тілінде).

Жұмбақ

Ерте тұрып екі айыр жолға түстім.

(Шалбар)

Мақал

Адам көркі шүберек,

Ағаш көркі жапырақ.

Тәрбиеші:- Балалар, сендер өздерің күнде киіп жүрген киімдерінді айтындар-деп, қазақтың ұлттық киімдері; қос етек ұзын көйлек, қамзол, үкілі тақия киген қуыршақты көрсетеді. Қуыршаққа ат қоюды ұсынады.

Балалар:- Оның аты Әлия.

-Әлия деген қыз кім еді? Білесіндер ме? (Әлия батыр қыз)

- Иә, Әлия Ұлы Отан соғысында біздің бақытымыз үшін күрескен батыр қыз.

-Әлияның мына киімдерін кім біледі? Қандай киімі бар? Әлия қазақша киінген. Мынау ұзын, қызыл бүрмелі көйлек. Мынау қара қамзол, кестесі, моншағы әсем. (Мынау қазақ қызының бас киімі: тақия, мынау үкі — үкілі тақия — деп түсіндіремін. Өзі көрсете тұрып, киім аттарын балаларға қайталатып айтқызамын.)

“Күншуақ” әліппе-дәптеріндегі суреттер.

Мынау кім? Оның киімі қандай? Мынау кім? Ол қыз. Қыз не істеді? Киімі қандай? — деп сұрақ-жауаппен әңгімелеседі. “Қуыршаққа қазақша киім тігеміз” ойынын ойнатады. Оқулықтағы “Көйлекті маған кім берді?” суреттерін көрсетіп, көйлектің қалай пайда болатыны, мақта егушілер, жинау, току, тігу, дүкенге түскені туралы ұсақ суреттерді, оқулық суреттерін көрсетіп, кім не істеді? Сұрағына сөйлем құратады. Балалар, көйлек, қамзол, тақияны жапсырады.

Серуенде балалар ойыншық, іс машинасында көйлек тігу ойынын ойнайды. “Көйлекті маған кім берді?” әңгімесі қайталап оқып түсіндіреді.

25-САБАҚ

Сабақтың тақырыбы: Ыдыс-аяқтар, тағамдар.

Сабақтың мақсаты: Күнделікті пайдаланып жүрген, өздері білетін ыдыс, тағам аттарын қазақша атап айту дағдыларын терендету, бекіту, меңгертілген сөздерді пайдаланып, жай, жайылма сөздер құрастыруға, сөз ішінде қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

Сөздік жұмысы: Кесе, табақша, тостаған, қасық, шәйнек.

Көрнекіліктер: Ойыншықтар, қуыршақтар, қуыршақ ыдыстары, үлестірмелі суреттер, қазақ оюларымен орнектелген тостаған, ағаш қасық.

Әдіс-тәсілдер: Бақылатып көрсету, әңгімелеу, түсіндіру, әңгімелесу.

Сабақтың барысы: Балалар, біз бүгін өздерің білетін ыдыс аттарын қазақша айтуға үйренеміз. Шай ішіп отырған қуыршақты көрсетіп, қуыршақ не істеді? Шайды немен ішіп отыр? Қуыршақтың ыдыстарын көрсетіп мынау не?

— Ол шәйнек, ол не үшін керек?

— Шәй қайнату үшін.

— Мынау не?

— Ол кесе. Тәрбиеші ыдыс аттарын өзі қазақша айтып, балаларға қайталатып тұрады.

Ойын. “Өзің пісірген ас тәтті” қуыршаққа тамақ әзірлеу. Балалар екі топқа (отырған қатар бойынша) бөледі де, қай топ көп сөз білсе, сол топ жеңеді-деп жарыстырады.

Түскі тамақ пісіру үшін не керек?

— Мынау не?

— Ол құлақшалы (кастрюль), не қазан.

— Ол не үшін керек?

— Ет, кеспе көже т.б. пісіру үшін.

— Мынау не?

— Ол тостаған, не табақша.

— Мынау не?

— Қасық.

— Қандай қасық?

— Ағаш қасық.

— Тостаған не үшін керек?

— Көже, сорпа ішу үшін. Әрі қарай екі топтағы балалар өздері білетін үйдегі ыдыстарын атайды. Кім көп сөз ойлап тапса, сол жеңімпаз аталады.

Сергіту жұмысы. “Кел, ойнайық” әуенінің ырғағымен қимыл-қозғалыс жасату.

Сендер сияқты балалар қуыршаққа тамақ пісіру ойынын ойнапты. Осы балалардың ойынды тату ойнағаны, тамақты дәмді пісіргені туралы ақын аталарың Қадыр Мырзалиев “Өзің пісірген ас тәтті” деген өлең жазыпты. Бұл өлеңде қандай тағам, ыдыс аталған екен тыңдап алындар-дейді де аталмыш өлеңнен үзінді оқиды. Өленді “Біздің кітаптан” (Б. Баймұратова) алуға болады.

Өлең жолдарында аталған күріш, бұрыш, ет, нан, су, қазан, отын, құйды, табақ сөздеріне жекелей тоқталып, қайталап оқиды. Ауызша түсіндіреді.

Келесі кезекте балалар ойыншықтардың ішінен өлеңде аталған табақ, қазан, тағам аттарын (тәрбиеші әкелген күріш, бұрыш, суреттен етті) танып алып көрсетеді. Не алғанын айтады.

Тәрбиеші. Неге “Өзің пісірген ас тәтті” деп аталды? (балалар жауап бере алмаса, өзі түсіндіреді.) — Көп еңбек етіп, өзің пісірген ас-тамақ тәтті болады.

“Күншуақ” әліппе-дәптерінен суреттер көрсетіледі. Кім не істеді? Қайда келді?— деп сөйлем құратады. Балалар ыдыстардың, тағамның (бауырсақ, нан, етті мүсіндеп көрсетеді. Өз қалаулары бойынша суретін салады. Не істегендерін айтады. (қасықпен көже ішеміз-деп сөйлем құрастырады). Сөйлемдегі сөздің санын айтады. Тостаған, көже сөздерін буынға бөлдіреді. Кесе, қасық, табақ, тостаған, қазан - бәрі ыдыс деп аталатыны түсіндіріледі. Қанша ыдыс білетіндері сұралып, көрнекі түрде санап көрсетеді. (үш тостаған, екі кесе т.б.)

Мақал

Ас — адамның арқауы.

Мақалдың мәнісі түсіндіріледі. Жаңылтпаш айтылады.

Серуен кезінде. “Қонақ шақыру” ойынын ойнату. “Қуыршақтар мен қимыл-қозғалыс” ойындарын ойнату. (Соқыртеке, Қасқыр, қақпан т.б.).

26-САБАҚ

Сабақтың тақырыбы: Біз не ішіп, не жейміз.

Сабақтың мақсаты: Тақырып бойынша меңгертілген білімдерін тия- нақтап, бекіту. Сөйлем құрастыру, әңгімелесу дағдыларын, ой-өрісін кеңейту. Сөз дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету.

Сөздік жұмысы: Өткен сабақта меңгертілген сөздер, жаңадан сүт, айран, құрт, май, қазы, бауырсақ т.б.

Көрнекіліктер: Суреттер, үлестірмелі материалдар, кейбір тағам түрлері құрт, бауырсақ т.б.

Әдіс-тәсілдер: Сурет көрсетіп және суретсіз әңгімелесу. Қазақтың ұлттық тағамдарын көрсету, неден, қалай жасалатынын әңгімелеу.

Сабақтың барысы: Балаларға таныс күнде ішіп-жеп жүрген тағамдар туралы сұрақ-жауап әдісімен әңгімелеседі.

Балалар, сендер күнде не ішіп, не жейсіңдер? Қандай тамақ ішесіңдер? Өзі балалардың есіне сала тұрып, көрнекі құралсыз әңгімелетеді. Таңертең үйде не іштіндер? (орыс қазақ тілінде айтқызу).

Бүгін түсте балабақшада не іштіндер? Қандай ыдыспен (тамақпен, қасықпен, кесемен т.б.)

— Оля, сен көже іштің бе?

— Иә, мен күріш көже іштім.

— Әсем. Мен кеспе ішіп отырмын.

— Өте дәмді екен.

— Кеспенің ішінде не бар?

— Кеспенің ішінде ет бар.

— Мәлік, сенің сүт ішкің келе ме?

— Жоқ, мен сүт ішпеймін.

— Әлия, мә кеспе, іше ғой. Үйде түсте тамақ ішкілерің келгенде әжелеріңе, апаларыңа не дейсіңдер?

— Апа, (әже) менің қарным ашты.

— Не ішкің келеді?

— Менің құймақ, ет, қуырдақ жегім келеді.

— Тамақтан соң үлкендерге не деу керек?

— Рахмет.

Бауырсақ, ірімшік, құймақ сөздерімен сөйлем құрату. Тамақ, ыдыс аттары туралы тез сөз ойландар. Сөз ішінде — і, ө, ң, ү, ұ, ң дыбыстарын дұрыс айтуын қадағалау. “Не қалай дыбыстайды?” дыбыстық ойын ойнату. “Тағам, ыдыс” дүкені. Балалар сатушы мен сатушылар болып диалог түрінде сөйлеседі. Сатушыға сіздің дүкенде нан бар ма? — Иә, бар. Нан алып сатушыға — рахмет, сау болыңыз,-дейді.

“Не деу керек?” ойыны. Кім тез ойлар екен?

Апаң сенің базардан алма сатып әкелді,

Ең үлкенін, дәмдісін саған тандап әперді.

Не дегенің жөн еді? -Рахмет апа.

-Жолдасыңды, досыңды өкпелетіп алғанда не айтар едің? (кешірім сұраймын)

Досымды өкпелеттім

Алып қойдым машинамды

Досымнан мен қасымдағы,—

Үйден сонда шығып кетті,

Маған қатты өкпелерті.

Оның қысып, қолын алып,

“Кешір” дейін қазір барып.

Қ. Мырзалиев

Досын өкпелетіп алған бала, өз қатесін түсініп, досына барып кешірім сұрап, тату ойнайтын болыпты. Ол досына не депті? — қолын қысып, кешір — депті.

Балалар, сендер қазақтың қандай тағамдарын білесіңдер? Балалар білмесе, әкелген заттарды, суреттерді көрсетіп, құрт, ірімшік, қазы, бауырсақ — деп атап айтады да, балаларға тағам аттарын қайталатады.

— Қазы неден жасалды? Қандай малдың етінен? Құрт неден жасалды? Бауырсақ неден жасалды? — сұрақ қойып, білетін балаларға айтқызады. Өзі түсінік береді.

“Күншуақ” әліппе-дәптері суреттерін көрсетіп, қымыз, жайлау туралы түсіндіреді. Жазда мал жайлауда болады. Малшылар киіз үйде тұрады. Апалар бие сауады. Сүтінен қымыз жасайды — деп суреттерді көрсетіп түсіндіреді, әңгімелетеді. “Кімге не керек?” ойынын ойнату. Қуыршақ Мұрат, Әсел. Мұрат не ішіп отыр?

— Мұрат көже ішті. Ет жеп отыр. Әселге сүт әкел (ойыншық, тағамдар, суреттер) қажет тағамды тауып көрсетіп, аталған балаға береді. Мақсат құрт сұрады. Құрт әкеліп бер. Қ. Мырзалиевтің “Өзің пісірген ас тәтті” деген өлеңінің келесі бөлігін оқу, ойнату, диалог түрінде сөйлесу. “Қонақ күту” ойынын ойнату.

А, ө, ө, қ — дыбыстары бар сөз ойландар деген тапсырма ұсыну. Балалар сөз ойлап табады.

Тағам суреттерін салдыру.

Жаңылтпаш

Біздің ел — күрішті,

Ырысты-күрішті

Күрішті оруга кірісті.

Мақал

Құрт, май, қазы — ас екен,

Алтын-күміс тас екен.

Серуенде. Қазақ тағамдарының атын дұрыс айтып, есте сақтау үшін “Қонақ күту үшін не керек?” сөздік ойын-тапсырма орындату.

Келесі сабақта хрестоматияда ұсынылған әңгіме, ертегі оқылады.

27-САБАҚ

Сабақтың тақырыбы: Дастархан басында өзін-өзі қалай ұстау керек?

Сабақтың мақсаты: Күнделікті дастархан басына жиналған уақыттағы ұқыпты же, төгіп алма, шашпа сөздерін қазақ тілінде дұрыс түсініп, дұрыс айтуға, керекті жерінде қолдана білуге үйрету.

Сөздік жұмысы: оң қолыңмен, денені тік ұста, дастархан, нан, қант т.б.